

- тестілеу;
- шығармашылық жұмыстар, т.б.

СӨЖ–ді ұйымдастыруда өзара байланысты мынандай шарттар маңызды қызмет атқарады:

1. педагогикалық–ұйымдастырушылық;
2. дидактикалық
3. технологиялық–процессуалдық.

Педагогикалық–ұйымдастырушылық шарт бойынша жаңа ақпараттық технологиялар негізінде өзіндік жұмыстар педагогикалық тұрғыда дұрыс ұйымдастырылуы тиіс, яғни өзіндік жұмыс тапсырмалары нақты берілуі тиіс; семестр бойынша оқу жүктемесі көлемі нақты бір жүйеге негізделуі қажет; бақылау белгіленген мерзімді өткізілуі міндетті. СӨЖ тапсырмаларын орындауға қатысты кеңес беруде жүйелік пән нақты бағыт–бағдар беру мәселелерінің қатаң ескерілуі тиіс, себебі жүйелі кеңес беру студенттің өз бетінше жұмыс жасауына арқау болады; студенттің жеке берілген тапсырмаларды өз уақытында орындауы; кафедра оқытушыларының бағалау әрекетіне сәйкес ортақ қағидаларды ұстануы қажет, студенттер материалдық–техникалық және әдістемелік тұрғыдан ақпараттық технологиялар деңгейіндегі қамтамасыз етілуі қажет.

СӨЖ–ді ұйымдастыруға қойылатын дидактикалық шартқа студенттер зейінін жаңа білімді меңгеруге бағыттай отырып, студенттердің өзіндік жұмыстарын дайындау жатады. Мұнда бақыланатын жаттықтыру түрлерін (проблемалық тапсырмалар мен электрондық тест жүйесін құрастыру, т.б.) қолдану, студенттерді кәсіби тұрғыдан дайындайтын дидактикалық материал-

дармен қамтамасыз етілуі басты талап болып табылады. Студенттердің өндірісте өтетін тәжірибелік жұмыстары мен өндірістік, кәсіби оқыту арасында қарама–қайшылық болмауы тиіс, керісінше өзара байланыста болуы тиіс.

Технологиялық–процессуалдық шарт бойынша, студент ЖОО тарапынан жаңа ақпараттық технологиялармен және жаңа ақпараттық технологияға негізделген қажетті оқу–әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі тиіс. Себебі студент өз бетінше ізденуі барысында қазіргі заман ағымынан қалмауы тиіс. Себебі студент өз бетінше ізденуі барысында қазіргі заман ағымынан қалмауы тиіс, кейінгі жылдары жарық көріп жатқан отандық, шетел жаңалықтарымен, ғылыми әдебиеттер мен таныса отырып, өз пікірін ортаға салуы тиіс. Ал бұл жоғарыда айтып өткеніміздей, ЖОО–да қазіргі заман талабына сай материалдық–техникалық базасының (оқытушыларға және студенттерге арналған компьютерлік сыныптар телебайланыс, электрондық пошта, Интернет торабы т.б.), оқу үрдісінде оқу–әдістемелік кешендерінің, электрондық оқулықтардың, автоматты оқыту бағдарламаларының, электрондық оқыту кешендерінің және т.б. болуына негізделеді.

1. Стрезиконин В.П. Организация процесса обучения в школе. – М.: Просвещение, 1968. – 245 с.

2. Голант Е.Я. Значения самостоятельной работы школьников // Советская педагогика. – М.: 1942.

\* \* \*

В статье рассматривается роль СРС в формировании профессиональных навыков и творческой активности студентов и виды СРС.

*Г. Қ. Дәркенбаева*

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДЕРДЕГІ ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ ХАҚЫНДА

Экономика саласының мамандары экономикалық жаңалықтардан үнемі ақпарат алып, өмірде болып жатқан өзгерістерді, жаңа ақпараттарды дәл уақытында жеткізіп отырулары керек.

Қазіргі кезде нарықтың ағымы мен талабы әлеуметтік, қоғамдық өмірге араласуы әрбір ақпарат көзі болып табылатын – газет, журнал, интернет, т.б. білім беру көздері – кітап, оқулықтардың қомақты бөлігі экономикадан хабар, мағлұмат, мәлімет беріп, экономикаға бет бұрмай, бағытталмай өтпейді. Жаңа қоғамдық дәуірдегі ғылым мен білімнің, мәдениет пен эконо-

миканың дамуынан хабар беретін ерекше құбылыстардың бірі ретінде халықаралық қатынастар мен мемлекетаралық ынтымақтастық әрекеттерінің жаңа үрдісін атап өтуге болады. Қазіргі кезде әрбір әлеуметтік сала экономикалық салаға бет бұрмай өте алмайды. Ал осы экономикалық мәтіндердің заман талабына қаншалықты сай тұрғандығын қарастыру үшін олардың стиліне тоқталмай өту мүмкін еместігі де айғақ.

Жалпы стильге анықтама беріп кетсек: стиль – ол белгілі бір қатынастың түрінде тілдің бірліктерін сұрыптап пайдалану арқылы ойды жет-

кізу мәнерінің көрінісі [1,14]. Стильдердің саралануына келетін болсақ: ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми стиль, пулицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі, ресми стиль деп бөлінеді. Біз зерттеу нысаны етіп отырған экономикалық мәтіндерді арнайы экономикалық білім беретін оқулықтардан алғандықтан, олардың функционалдық стильдің тілдік белгілеріне қарап оларды ғылыми стильдік мәтіндер деп атауды жөн көрдік.

Жалпы ғылыми стиль жазба стильге жатады, оған әр түрлі ғылым саласында жазылған ғылыми еңбектер, зерттеулер, оқулықтар кіреді. Ғылыми стиль өз ішінде шағын стильдерге де бөлінеді. Ғылыми стильде зерттеу нысаны болған зат пен құбылыс ғылыми негізде сипатталып, белгілі теориялық негіздермен дәлелденіп, логикалық жағынан негізгі ой мен құбылыстың байланысы нақтыланып, белгілі жүйеге құрылған хабарлы, өзекті, дәлелді, ой қисыны қорытындыланған ғылыми тұжырым жасалады [2, 56]. Ғылыми стильдің өзі ішінара әр түрлі жүйелік типтерден/подсистема/ тұрады: а) ғылыми-жалпы танымдық мәтін; ә) ғылыми-іскери мәтін; б) ғылыми-техникалық мәтін; в) өндірістік-техникалық мәтін; г) ғылыми-публицистикалық мәтін; ғ) ғылыми-ағартушылық мәтін.

Жалпы алғанда, ғылыми еңбектердің стилі ғылыми хабарламаның бағытталушылық мақсаты мен мазмұнына қарай, яғни шындық өмірдің нақты көріністері мен құбылыстарын толық және нақты түсіндіру, олардың арасындағы себеп-салдарлық деректерді көрсету, тарихи даму заңдылықтарын және т.б. құбылыстарды жеткізу мүмкіндіктері арқылы анықталады. Ғылыми стильге ақпаратты, мағлұмат мен мәліметті логикалық кезектілікпен мазмұндау, әрбір айтылым арасындағы жүйелі, тұрақтанған байланысты сақтау, автордың мазмұнды жеткізудегі ойының нақты, қысқа, әрі нұсқа, тұжырымды, тиянақты болуы сияқты әрекеттер тән болып келеді.

Деректі ғылыми пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін ой бөліктерінің жиынтық операциясы құрастырылып, ол белгілі ғылыми жүйемен сұрыпталып, ойлау заңының негізгі анықтама байламы шығады. Сондықтан ғылыми стиль мәтіндерінің басты ерекшелігі мынада: олар белгілі заңдар мен қағидаларға сүйеніп, белгілі шарттылық ұғымын қанағаттандыру идеясын камтиды, яғни бұрынғы қарастырылып отырған зат пен құбылысты дамытуға, түрлендіруге, басқаша сипаттауға, толықтыруға, теңестіруге, қарсылық жасауға т.б. әрекеттерге ой мен тұжырым негіздерін басшылыққа алады.

Осыдан келіп логикалық тепе-теңдік, қарама-қайшылық, теріске шығару т.б. заңдармен негізделіп жасалынады. Ғылыми стиль нақты ғылым түрінің табиғатына, / қоғамтану, гуманитарлық, жаратылыстану /, олардың жанрлық ерекшеліктеріне байланысты көрініс табатын бір ортақ қасиеттердің, заңдылықтардың жиынтығын құрайды, әрі бұл жалпы стильдік ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, химия, физика, математика секілді ғылым салаларында кездесетін мәтіндер мазмұндау, баяндау сипаты жағынан филология, философия, тарих ғылымдарының мәтіндерінен анағұрлым ерекшеленетінін ескерсек, ғылыми стильдің функционалдық ерекшеліктері мен ортақ ұқсастықтарын байқау қиындық туғызбайды. Өзіміз сөз етіп отырған экономикалық мәтіндерге назар аударалық: Мысалы, «Қаржы – бұл шаруашылық жүргізуші субъектілерде және мемлекетте ақшалай табыстар мен қорланымдарды қалыптастырумен, сонымен бірге оларды ұдайы ұлғайтатын өндіріске, қоғамның әлеуметтік және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыруға пайдаланумен байланысты жалпы қоғамдық өнімнің құнын және ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлу процесінде пайда болатын ақша қатынастары» [3, 15]. Осында келтірілген үзіндідегі «процесс» сөзін, әрине, «үдеріс» деген сөзбен берсе де болар еді. Немесе аудиторлар тексеру барысында өздерінің жұмыс қағаздарымен бірге әр түрлі куәліктерді есепке алулары тиіс. Мұндай құжаттау кейбір мәселелерге маңызды болып табылады. Атап айтсақ, аудиторлардың қорытынды есебін бекітеді; аудиторлық өнімділік пен нәтижелілікті арттырады; алдағы жұмыстарды ақпаратпен қамтамасыз етеді» [4, 21]. Зер салып қарасақ, бірінші мысалда «қаржы» термині бір-ақ рет қолданылғанымен, келтірілген мысал қаржы саласымен байланысты екендігі, оның басты қызметі сөйлемді бастап, ал қалған сөздер оған қызмет етуші, яғни мағынасын анықтаушы екендігі көрініп тұр. Ал екінші үзіндіде басты қызметті «аудит» термині атқарып тұрғанын аңғару қиын емес, басқа сөздер - осы терминнің айналасындағы контекстің жалпы мән-мағынасын айқындаушы сөздер. Бір-екі экономикалық мәтіндерден үзінді келтірсек, осы жағдайды тағы да аңғаруға болады. «Маркетингтік жоспар – негіз қалаушы құжат. Маркетинг үдерісі өндірістік бөлімшелермен бірлесе қимыл жасауды талап етеді. Өткізуді ынталандыратын жарнамалық шаралардың айқын бағдарламалары жасалынады. Әрбір өткізуші агентке және әрбір өткізу ауданына бөлінетін, сатылатын бұйымдар жөнінде тапсырма-

лар берілуі қажет. Тасымал құралдары белгіленеді, өнімді жеткізу кестелері жасалады». Келтірілген мәтінде экономика саласындағы «маркетинг» ұғымына түсінік берілген. Демек, экономикалық мәтіндердің өз ішінде сараланып, жіктеліп жатқандығы өз алдына, мәтіндердің тақырыптарын білмеген жағдайда, негізгі ұғымды білдіріп тұрған сөз, басты термин мен оның айналасындағы сөздер сол терминге қызмет етіп тұрғандығымен ерекшеленеді.

Экономикалық мәтіндер тұтас екендігі де анық. Экономика саласынан хабар, ақпарат, мәлімет, білім беретін тұтас мәтін кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан тұрады. Кіріспе блокта, әдеттегідей, айтылатын мәселенің мән-мазмұны, тақырыптың тарихи даму үрдісі баяндалады. Негізгі блокта басты тақырып ашылады, талданады, негізгі идеялар сарапталады, жаңа мәліметтер беріледі, тың деректер ұсынылады. Қорытынды блок тұжырымдар мен түйіндерден, нұсқаулардан тұрады. Мұндай блоктарды ғылымда композициялық блок деп, яғни тұтас мәтіннің мазмұнын ашуда белгілі бір қызмет атқаратын мәтін фрагменттері композициялық блок деген атпен таңылады. Мәтіндегі композициялық блок негізінен үш бөліктен тұрады [6, 98].

Қарастырып отырған экономикалық мәтіндердің композициялық блоктарына назар салайық:

Мәселен, жоғарыда аталған қаржы, аудит, маркетинг, бухгалтерлік есеп саласынан білім беруге бағытталған оқулықтардың экономикалық мәтіндерінің блоктарынан үзінді келтірейік. Кіріспе блокта: Нарық жағдайында шаруашылық субъектілерінің табысты жұмыс істеуі үшін осы заманғы ғылыми теория мен практиканың әдіс-амалдарын қолдана білудің маңызы зор, сондықтан нарықтық экономика пәндерінің ішінде маркетинг елеулі орын алады. Маркетинг – қысқаша тұжырымдап айтсақ, нарықтық қатынас жағдайында өндірісті басқарудың жүйесі мен пәлсапасы. Немесе бухгалтерлік есеп және аудитті нарық қатынастары жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектілерінің есеп жұмыстарын дұрыс ұйымдастырудың маңызы мен рөлі зор. Халық шаруашылығының барлық салалары мен меншік иелерінің барлық түрлерінде жүргізілетін бухгалтерлік есеп пен аудитті қайта құру, оның маңызы мен әдістерін субъектінің ерекшеліктерін сай халықаралық бухгалтерлік есеп стандарты талабына сәйкес жүргізу болып табылады. «Қаржы» оқулығының кіріспе блогында: «Нарықтық қатынастардың құрылымында да, мемлекет тарапынан оларды реттеу

механизмінде де қаржы зор рөл атқарады. Қаржы – нарықтық қатынастардың құрамды бөлігі және мемлекеттік саясатты жүзеге асыру құралы. Бұл орайда қаржының әлеуметтік-экономикалық мәнін түсіне білудің, оның іс-әрекет етуінің ерекшеліктерін терең ұғынудың, Қазақстан экономикасын ойдағыдай дамыту мақсатымен қаржы ресурстарын неғұрлым толық және ұтымды пайдаланудың әдістері мен амалдарын көре білудің маңызы зор», - делінеді. Байқап отырғанымыздай, «тұтас мәтіннің кіріспе блогындағы «ұғынудың терең сыры», «түсінудің маңызы, зор рөл атқарады» т.б. осы тәріздес тіркестер ерекше қызмет атқарады. Аталған тіркестер экономикалық мәтіндердің кіріспе блогындағы сөйлемдердің алғы сөз, алғашқы бастама ретіндегі қызметіне жауап беріп тұрғандығы анық. Демек, кіріспе блоктың өзіне тән стильдік белгілері болады. Негізгі бөлімде экономикалық мәтінге жүктелген қызметтің, яғни экономика жағдайындағы ақпараттың мазмұнды, негізгі, тұжырымды бөлігі қамтылады. Негізгі блок қамтитын мәтіндерге назар аударсақ, айтылған жағдайларды бірден байқауға болады. Мысалы, «Қаржы» оқулығында: *Қаржы құқығында қаржы-құқықтық нормалар – құқықтың негізгі бастапқы элементтері, яғни мемлекет белгілеген және қаржы қатынастарындағы мемлекеттік мәжбүрлеу / күштеу / шараларымен қамтамасыз етілген қылықтың қатаң белгілі бір ережесі пайдаланылады. Сөйтіп қаржы-құқықтық нормалардың императивтік (әмірлік, бұйрықтық) сипаты болады. Қағида бойынша, олардың үзілді-кесілді нысанда көрінетін талаптары болады және оларды беталды өзгерте беруге жол берілмейді, қаржы қатынастары қатынасушыларының құқықтары мен міндеттерінің ауқымын дәл анықтайды.* Немесе қандай да шаруашылық жұмысы болмасын, олар белгілі бір шеңберден және белгіленген ережелерден аспауы қажет. Бірнеше ғасырлар бойы жинақталған тәжірибелер аудиторлық қызметке жататын нормаларды, ережелерді жинақтап, оларды іске асыруға әсерін тигізеді. Аудит тәжірибесі мен теориясы бойынша стандарт дегеніміз аудиторлық процедураның негізін қалаушы принциптер немесе негізгі ережелер. Стандарт аудит қызметінің көлемін анықтауға, оны іске асыру әдістемесін және нәтижесін бағалауға көмектеседі немесе ассортименттің тұтынушылық құндылығы тауар ұсынысының сапасымен анықталады. Маркетинг тұрғысынан, тұтынушылық қасиеттердің тұтынушылардың әр түрлі топтарының талабына сәйкестігі сапаны көрсетеді.

Демек, экономикалық тұтас мәтіндердің ғылыми стилінде өзіне тән құрылымдық жүйесі болады. Олар: ғылыми мәтін, олардың құрылысы, авторлық бағалау, ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми мәтін құрылысының сыртқы элементтері, кіріспе, бөлім, әр бөлімнің түйіндемелері, қорытынды сияқты белгілі жүйелік сатылардан тұрады.

Экономикалық мәтіндердің қорытынды блогын қарастыратын болсақ, сөздердің сөйлемдер ішіндегі тәртібі, негізгі тірек сөздер мүлдем басқаша екендігі айқындалады. Мысалы, *жогары салықтар капиталдарды қолданудан алынатын табыстарға салықтардың аз мөлшерлемемен салық салынуы мүмкін, негүрлым жайлы салық климаты бар елдерге «капиталдардың безінуін» тудырады. Бұл факторға сондай-ақ салық салу деңгейі төмен немесе тіпті ол болмайтын «офшорлық аймақтардың» бар болуы жағдай жасайды. Басқа жағынан, жогары салық мөлшерлемелері елге шетелдік капиталдың дендеп енуіне кедергі жасайды, мұның өзі ішкі қорланымдардың жетіспеуі кезінде экономиканың дамуын тежейді. Сондықтан салықтық реттеу осы факторларды ескеруі және экономикалық қарым-қатынаста / байланыста / болатын елдердің салықтық шарттарына жәрдемдесу тиіс. Немесе сонымен ұйым құру – компанияның іс-қимылын жоспарлаудың жалпы үдерісінің ең басты кезеңі. Ұйым құру / ұйымдастыру / үрдісі орталық жоспарлау іскерлік кезеңінен соң келеді, ол стратегиялық жоспарлау іскерлік іс-қимылды бағалаудан немесе үрдістің диагностикалық кезеңінен / фразасынан кейін жасалынады. Экономикалық мәтіндердің қорытынды блогында сөйтіп, сонымен, демек, сондықтан тәрізді сөздер кіріспе блок пен негізгі блокқа қарағанда, әрине, басым келеді. Дегенмен, басқа стильдегі мәтіндермен салыстырғанда аталған сөздердің қорытынды орын алмайтын блоктарда тұруы мүмкін. Мысалы, оқулықтың қорытынды блогында: *Инфляциялық таргеттеуге көшуге қажетті база**

*жасау үшін Ұлттық банктің алдында бірқатар мынадай ірі мәселелерді шешу міндеті тұр: ашық рынок операцияларын кең ауқымды көлемде жүргізуге көшу үшін жағдайлар жасау; өзінің бағалы қағаздар портфелін ұлғайту сияқты және т.б. сөздік қолданыстар бар.*

Мәтіндегі қорытынды блоктың өзгешелігі экономикалық мәтіндегі ғылыми стильдің ірі және шағын жанрларына байланысты болады. Ірі жанрларына экономикалық мәселелерге арналған жеке авторлық және ұжымдық ғылыми еңбектер, атап айтқанда: диссертация, энциклопедия, сөздік, оқулық, оқу құралы жатады. Ұсақ жанрлар болып экономика саласы бойынша жазылған мақала, реферат, тезис, рецензия т.б. есептеледі.

Демек, аталған жанрлардың стиліне тілдік сараптау, талдау жасау негізінде экономикалық мәтіндердегі әрбір жанрдың ғылыми стиліне тән өзіндік заңдылықтар мен ерекшеліктер анықталады.

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы, -А., 1964.

2. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – А., 2007, 243-б.

3. Илиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. Қаржы, -А., 2005, 551-бет.

4. Әбдіқалықов Т.Ә. Аудит және бухгалтерлік есеп. – А., 2000, 167-бет

5. Сатыбалдыұлы К.С. Маркетинг. Нарықтану. Алматы, 1999, 283-бет.

6. Қашқынбаева К.С. Ғылыми мәтін тілінің стиліндегі басты ерекшеліктер мәселесі туралы. Актуальные проблемы современных социально-гуманитарных наук: поиск и пути решения. Сб. материалов республиканской научно-теоретической конференции, Алматы, 2006, 98-бет.

7. Қазіргі экономикалық орысша-қазақша түсіндірме сөдік – анықтамалық. Алматы, 2003, 880-бет.

\*\*\*

В статье рассматриваются вопросы анализа научных текстов. Даются рекомендации по работе с экономическими терминами, которые используются в учебниках по экономике.

\*\*\*

The author of article considers the analysis of scientific texts. He/she gives recommendations for the economic terms that are used in economics textbooks.